



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 8 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2009 жылғы 18 наурыз**

**Уәкілетті ұйымдардың айырбастау
пункттеріне қатысты**

Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттеріне қатысты

Қазіргі кезде БАҚ-та банктік емес айырбастау пункттері қызметінің ауқымдары туралы әр алуан ақпарат әсірелеп айтылуда – айналымдары республика бойынша тұтастай алғанда айырбастау пункттері операцияларының көлемінен айырбастау операцияларының 70 пайызына дейін алады деп жорамалданатын, қызметкерлері 50 мың адамнан астам 2500-ге жуық банктік емес пункттердің жұмыс істеуі бойынша деректер келтіріледі. Барынша нақты деректер болғандықтан оларды қолданған жөн. Қазірде республикада 1143 банктік емес айырбастау пункті бар 840 уәкілетті ұйым жұмыс істейді. Жүргізілетін операциялардың көлемі бойынша айырбастау операцияларының 70%-дан астамы банктік айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылады. Уәкілетті ұйымдарға жүргізілген пікіртерім нәтижелері бойынша банктік емес айырбастау пункттері қамтамасыз ететін жұмыс орындарының саны 5 мың адамнан аспайды. Бұл да аз сан емес, алайда осыған дейін айтылғандай, банктік емес айырбастау пункттерінің көпшілігі Қазақстанның ірі қалаларында шоғырландырылған (195 уәкілетті ұйым тек Алматы қаласында), мұнда қаржы саласында жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер еңбек нарығында жеткілікті түрде сұранысқа ие.

Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерін тексеруге қатысты

Ұлттық Банк нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында уәкілетті ұйымдарға жоспарлы түрде тексеруді жүзеге асырды. Сонымен қатар тексерулер Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика органдарында тиісті тіркеуден өткеннен кейін ғана Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2007 жылғы 14 қарашадағы № 46 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүзеге асыратын тексерулерді мемлекеттік тіркеу, статистикалық есепке алу және оларға бақылау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Қолданылып жүрген заңнама жүргізілетін тексерулер бойынша прокурордың санкциясын алуды талап етпейді.

Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасының нормаларын бұзу анықталды, осыған байланысты құқық бұзушыларға қатысты санкциялар және ықпал ету шаралары қолданылуда.

Осылайша, Ұлттық Банктің барлық тексерулері заңнамада белгіленген рәсімдерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.